

2025 жылғы 26 қазанда өткен Ақтөбе қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау қорытындылары туралы ХАБАРЛАМА

2025 жылғы 26 қазанда №8, №28 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған Ақтөбе қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау өтті.

Сайлаушылар тізіміне 21 538 азамат енгізілді. Дауыс беруге — 9 474 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша — 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс — 74-і қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны — 6.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Ақтөбе қалалық мәслихат депутаттарын сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

№8 сайлау округі бойынша:

Жұмағазиева Жұпар Андрейқызы үшін сайлаушылардың 854 дауысы берілді,

Қайырғалиев Аслан Асқарұлы үшін сайлаушылардың 1 824 дауысы берілді,

Сейтов Алиби Арыстанғалиевич үшін сайлаушылардың 1 005 дауысы берілді,

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны — 9;

№28 сайлау округі бойынша:

Мусенов Бисенғалий Казиевич үшін сайлаушылардың 1 623 дауысы берілді,

Нурғалиева Лязат Майлыбаевна үшін сайлаушылардың 1 175 дауысы берілді,

Умербекова Сауле Рахимовна үшін сайлаушылардың 2 955 дауысы берілді,

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны — 26.

Сайлау қорытындысымен бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Ақтөбе қалалық мәслихаттың депутаттары болып:

№8 сайлау округі бойынша — Қайырғалиев Аслан Асқарұлы, 1998 жылы туған, «Анвар» ЖШС директордың орынбасары, Ақтөбе қаласының тұрғыны сайланды;

№28 сайлау округі бойынша — Умербекова Сауле Рахимовна, 1968 жылы туған, «Озат Өркен» ЖШС басшы, Ақтөбе қаласының тұрғыны сайланды.

Ақтөбе қалалық аумақтық сайлау комиссиясы.

Ақтөбе қалалық мәслихаттың сайланған депутаттарын тіркеу туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 112-бабының 1-тармағына сәйкес сайлау қорытындысымен бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Ақтөбе қалалық мәслихаттың шығып қалған депутаттарының орнына депутаттар ретінде:

№8 сайлау округі бойынша Қайырғалиев Аслан Асқарұлы, 1998 жылы туған, «Анвар» ЖШС директорының орынбасары, Ақтөбе қаласының тұрғыны;

№28 сайлау округі бойынша Умербекова Сауле Рахимовна, 1968 жылы туған, «Озат Өркен» ЖШС басшысы, Ақтөбе қаласының тұрғыны тіркелді.

Ақтөбе қалалық аумақтық сайлау комиссиясы.

Мектеп

ЕҢБЕККЕ БАУЛУ — ТӘРБИЕ ӨЗЕГІ

Қоғамның дамуы мен ұлт болашағы — сапалы тәрбиенің нәтижесі. Ал тәрбиенің басты өзегі — еңбекке баулу. Еңбек — баланың бойында жауапкершілік, табандылық, адалдық секілді қасиеттерді қалыптастыратын өмірлік мектеп.

Ұлы ағартушылар еңбек тәрбиесінің мәнін ерте түсінген. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы «Баланы ұлша тәрбиелесең — ұл, құлша тәрбиелесең — құл болмақшы» десе, Өзілхан Нұршайықов «Бала тәрбиесінің ең үлкені — оны еңбекке баулу» деп айтқан.

Бала еңбектің қадірін ең алдымен отбасынан үйренеді. Үй шаруасына араласу, ата-ананың еңбегін бағалау — еңбекке құрметтің бастауы. Ал мектеп бұл тәрбиені жалғастырып, жүйелі түрде дамытса, оның нәтижесі айқын болмақ.

Бүгінгі цифрландыру заманында кей балалар еңбекке қызығушылықты жоғалта бастаған. Сондықтан мектептерде еңбекке баулу сабақтарын жандандыру, үйірме мен жоба ұйымдастыру, ата-аналардың белсенді қатысуы — уақыт талабы.

Ыбырай Алтынсарин «Қазақ жастарын өнер-білімге, еңбекке баулу — басты міндет» десе, Абай «Еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» деп, еңбектің өмірлік құндылығын көрсеткен.

Еңбек — тек табыс көзі емес, тәрбие құралы. Еңбекқор бала — ел болашағы, қоғам тірегі. Сондықтан әр ата-ана мен ұстаз жас ұрпақтың еңбекке сүйіспеншілігін оятуға ерекше мән беруге тиіс.

Ботагөз СЕЙІЛХАНҚЫЗЫ,
№30 қазақ орта мектебінің тарих пәні мұғалімі,
6 «Ә» сынып жетекшісі.
Ақтөбе қаласы.

«КазГеоруд» ЖШС

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 73-бабының талаптарына сәйкес 2025 жылдың 5 желтоқсанында сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Көктау ауылдық округі, Көктау ауылы, №1 шағын аудан, 79-үй мекенжайында, «Лиманное» кен орнының өндірістік алаңынан Хромтау ауданы, Көктау ауылы, Ақтөбе облысы аумағында орналасқан «Актюбинская медная компания» ЖШС-ның тау-кен-бағалау комбинатына дейін жылына 1 400 мың тонна руда тасымалдауға арналған автомобиль жолын салу жөніндегі жұмыс жобасының ықтимал әсерлері туралы есеп (2-кезең) материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтынан (www.ndbecology.gov.kz), сондай-ақ <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайттарынан танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныс «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайттарында ұсынылатын болады.

Онлайн қосылуларға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04RIBKcFRiSlhWSE5UQ2xDOFZUUT09>

Конференция идентификаторы: 931 840 1523

Кіру коды: 7wUKe

Қосымша ақпаратты: Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Көктау ауылдық округі, Көктау ауылы, №1 шағын аудан, 79-үй мекенжайынан алуға болады.

Ұсынылып отырған қызмет түрінің операторы: «КазГеоруд» ЖШС, Мекенжайы: Ақтөбе қ., Маресьева көшесі, 4г үй, БИН: 050640010572, Тел.: +7 702 333 2455;

Жобаны әзірлеуші: «Е. А. Group Kazakhstan» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, О.Кошевой көшесі, №113, 50. БСН: 190540023876. Тел.: +7 705 478 00 43.

Аслан БАЛҚАСЫНОВ



Облыстық Ауған соғысы жауынгер-интернационалистерінің қоғамдық бірлестігі басқармасының төрағасы Аслан Балқасынов 65 жасында өмірден озды.

Аслан Нұрқасынұлы Кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті құрамында Ауғанстан Демократиялық Республикасында Отан алдындағы интернационалдық әскери борышын өтеді. Ол өңірдегі қоғамдық жұмыстарға белсе-

не араласып, саналы өмірін туған жерімізге адал қызмет етуге арнады.

А.Балқасынов Ауған соғысы ардагерлерінің, мүмкіндігі шектеулі адамдардың мүддесін қорғап, оларды әлеуметтік жағынан қолдау жұмысын жүргізуге, интернационалист-жауынгерлердің өрлік істерін насихаттауға атсалысып, ұлан-ғайыр істер атқарды. Оның «Интернационалист-жауынгердің ерлігі», «Біз антымызды орындадық» және «Екі ғасырдың батырлары» деп аталатын кітаптары жас ұрпақты отан-сүйіштікке тәрбиелеудің көрнекі құралына айналды.

Ол сонымен қатар облыстық Қоғамдық кеңестің мүшесі ретінде заңдылық, құқықтық тәртіп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында батыл ұсынысымен, тұрақты ой-пікірімен өзінің азаматтық ұстанымын көрсетті.

Аслан Нұрқасынұлы ержүректілігімен, іскерлігімен және мұқтаж адамдарға әрқашан көмек қолын созатын қайырымдылығымен ақтөбеліктердің құрметіне ие болды. Ел алдындағы елеулі ерлігі мен еңбегі үшін «Құрмет» орденімен марапатталған.

Аслан Нұрқасынұлының жарқын бейнесі оны білетіндердің жүрегінде ұзақ жылдар бойы сақталады.

Ақтөбе облысының қоғамдық кеңесі.

ГАЗЕТТІ БІЗДІҢ САЙТЫМЫЗДА ОҚЫҢЫЗ

www.aqtobegazeti.kz



Ақтөбе

Меншік иесі:
«АҚТӨБЕ МЕДИА»
ЖШС

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ ГАЗЕТ

Газет «Құрмет белгісі»
орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70VPU00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың орынбасары

Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы

Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ
БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер

Мейрамгүл САТАЕВА

Кәмшат ҚОПАЕВА,

Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ

ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ,

Ақбота ҚАЛДЫБЕК,

Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ

Тілшілер Индира ӨТЕМІС,

Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші

Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші

Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар

Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА,

Ақзат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар – Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Ә.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы,
Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.

Сайт: www.aqtobegazeti.kz

E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 11680 Тапсырыс №1237

Нөмірдің кезекші редакторы
Арайлым Нұрбаева